

Бекітемін:
“MDU Baqytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



**«Baqytty bala» балабақшасының 2025-2026 оқу жылының
оқыту-тәрбиелеу жылдық жоспары**

Ақтөбе 2025 жыл

2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнауға қызықтыру, үйрету

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту. Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру. Мамандықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; креативті және сыни ойлауды дамыту;

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: Балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. Ұлттық ойындар ойнауға алаңдар жасақтау
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасымен бірлескен әрекеттер ұйымдастыру. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыруды жолға қою.
- ✓ Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында еңбек әрекетін зерттеу, балаларда еңбек дағдыларын дамыту, балалардың еңбекке деген ынтасы мен қызығушылықтарын қалыптастыру үшін қазіргі сұраныстағы мамандықтардың алуан түрлерімен танысуға және мамандық түрлерін ойын арқылы игеруге мүмкіндік беру
- ✓ Санау салыстыра ойлау қабылеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту
- ✓ Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.
- ✓ Табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жүргізу.
- ✓ «Жасыл балабақша» жобасын жүзеге асыру
- ✓ Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық және қаржылық сауаттылықты қалыптастыру
- ✓ Жасанды интеллект технологияларын меңгерту.

МАЗМҰНЫ

Ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар.

Талдау бөлімі

2025-2026 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Балабақшаның қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

Құжаттарды дайындау

БЛОК 1

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту

1.2. Аттестаттауға дайындық және аттестаттау.

1.3. Педагогикалық кадрлардың өз білімін жетілдіру бойынша тақырыптар тізімі

БЛОК 2

Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы

2.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

2.2. Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

2.3. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;

2.4. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;

2.5. Педагог-психологтың балалар мен педагогтармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2.6. «Адал азамат – кәсіби маман» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

2.7. Семинарлар, практикумдар, консультациялар, шеберлік сыныптары және басқа да әдістемелік жұмыс түрлері

2.8. Жас мамандармен жұмыс жоспары

2.9. Ашық есік күні

2.10. Инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу.

2.11. Экологиялық тәрбие бойынша «Жасыл балабақша» жоспары

2.12. Әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру

2.13. Конкурстар

2.14. Көрмелер

2.15. Экскурсиялар

2.16. Спорттық іс-шаралар жоспары

2.17. Музыка жетекшісінің жоспары

2.18. Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

2.19. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары

2.20. «Кәсіптік бағдар беру» жоспары

2.21. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жоспар

БЛОК 3

Әлеуметпен жұмыс:

3.1. Ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары.

3.2. Әжелер, аналар, әкелер мектебінің жоспары

3.3. «Барлығына қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндаманы жүзеге асыру мақсатында жол картасының 39-тармағына сәйкес «Жас ата-аналар мектебі» жобасының жұмыс жоспары

3.4. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру жоспары

БЛОК 4

4.1. Мектеппен сабақтастық

БЛОК 5.

5.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс

БЛОК 6.

6.1. Бақылау және басшылық

БЛОК 7.

Әкімшілік жұмыс. Ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету.

7.1. Мектепке дейінгі ұйымының материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыс жоспары.

7.2. Медициналық жұмыс

Балабақшадағы 2025-2026 оқу жылына сауықтыру іс- шаралар жоспары

Ақпарат анықтама
Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы
«Bagytty bala» балабақшасы туралы мәлімет

Мекеменің атауы: ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы
 Ғимараттың типі: 3 қабатты
 Мекеменің қызмет түрі: мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру
 Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Тұрғын үй алабы Қарғалы, көшесі Қ.Сәтпаев, ғимарат 92/1
 Электрондық пошта: bagytty_bala@mail.ru
 Веб-сайт: http://bagytty_bala-sad.testim.kz/
 Қолданылуға берілген жылы: 2022 жыл
 Ғимараттың салынған жылы: 2022 жыл
 Балабақша меңгерушісі: Қоңырбаева Ақбота Куанышғалиқызы
 Оқыту тілі: қазақ тілі
 Кадрлармен қамтамасыз ету- 42 адам, оның ішінде 24 педагог мамандар
 Балабақшада асхана, кір жуатын орын, қойма орналасқан.
 Балабақша аумағы гүлзарларында гүлдер, ағаштар отырғызылып, көгалдандырылған және әр топтың серуендеу алаңдары әткеншектермен, құмсалғыштармен, төбешіктермен жабдықталған.
 Балабақша күніне 10 сағат жұмыс істейді.
 Сенбі, жексенбі күндері демалыс.
 Байланыс телефондары: 8 701 244 31 01
Топтарды жас бойынша жинақтау:
 Балабақшадағы қуаттылығы 250 баланы құрайды.
 Балалардың жас ерекшеліктеріне сай – 10 топ жұмыс істейді.
 Мемлекеттік тілде оқытатын топтар саны – 10
 Орыс тілде жұмыс істейтін топтар саны – 0
 Оның ішінде:
 Ортаңғы топ - 2
 Ересек топ – 4
 Мектепалды топ – 4

№ р/с	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты- жөні	Біліктілік санаты	Білімі
1	Балабақша меңгерушісі	Өмірғалиева Айдана Баубекқызы		жоғары
2	Әдіскер	Бақыт Арайлым Жалғасханқызы		Арнаулы орта
3	Мектепалды топ «Ақбота»	Уразбаева Наргиза Самиғоллақызы		жоғары
		Кадирова Нургуль Мырзабекқызы		жоғары
4	Мектепалды топ «Сәйгүлік»	Дузельбаева Гулзат Айгожаевна		Арнаулы орта
		Түлебаева Әсия Айтуғанқызы		Арнаулы орта
5	Мектепалды топ «Балдырған»	Бисенбаева Гүлім Дасқалқызы	Педагог- модератор, 2024	жоғары
		Абиева Құндыз Нұржанқызы		Арнаулы орта

6	Мектепалды топ «Қызғалдақ»	Құдайбергенова Умиткуль Алибековна		жоғары
		Жанабергенова Азира Жұмабаевна		жоғары
7	Ересек топ «Айгөлек»	Таңай Айгүл Ғалиқызы	Педагог-модератор, 2025	жоғары
		Жаханова Айгүл Кузембайқызы		Арнаулы орта
8	Ересек топ «Балбөбек»	Токмурзина Гаухар Прмагамбетовна		Арнаулы орта
		Оразова Есенгүл Әлібекқызы		жоғары
9	Ересек топ «Ботақан»	Жалкенова Майра Тулешовна		жоғары
10	Ересек топ «Түймедақ»	Балжанова Алтын Карловна		Арнаулы орта
		Таубай Дәметкен Бейімбетқызы		Арнаулы орта
11	Ортаңғы топ «Қарлығаш»	Аяганова Гүлнар Джумабергенова	Педагог-модератор, 2024	жоғары
		Жолимова Айдана Мирбулатқызы		жоғары
12	Ортаңғы топ «Ертегілер»	Сақан Нәзира Серікқызы		Арнаулы орта
		Ойнарбекова Акниет		Арнаулы орта
13	Музыка жетекшісі	Нагишева Сымбат Ахметовна		жоғары
14	Психолог	Нұртаева Гүлбақыт Нұртайқызы		Жоғары магистратура
15	Дене шынықтыру (жүзу)	Жақсығали Нұрсәуле Құбайдоллақызы		жоғары

III. Педагогтар туралы мәлімет

Балабақшада оқу-тәрбие жұмысында 24 педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, ҰІӨ өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан астам	10 жылдан астам	15 жылдан астам	20 жылдан астам
19	3	1		1

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі орта	%
24	14	85,7	8	42,8	10	14,2	0	0

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Педагогтар саны									
	Басшы ұйымдастырушы	%	Педагог-зерттеуші	Педагог сарапшы	%	2 санат	Педагог модератор	%	санатсыз	%
24	1	7,1	0	2	14,3	0	9	64,3	2	14,3

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар

Түсіндірме жазба

МДҰ жылдық жоспары - бұл мекеменің ерекшелігін, оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық жабдықталуын ескере отырып, білім беру мекемесінде оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құжат.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар тізімі

№	Құжаттың атауы	Берілген құжаттардан шығатын нұсқаулар
	ҚР Конституциясы Жаңа баспада	Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының барлық педагогтарына жаңа мемлекеттік стандарт бойынша жұмыс жасауларын қамтамасыз ету; жаңа стандарттың шарты бойынша баланың дамуына мониторинг жүргізу; ата-ананы білім мен біліктілікті меңгеруіне жағдай туғызып қамтамасыз ету, жаңа стандарт бойынша ескерілген, және оларды тәрбиелік-білім процессіне тарту. Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау.
	Еңбек кодексі	Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау
	«Қазақстан Республикасының білім туралы» заңы. Соңғы өзгертулер мен толықтырулармен	Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін барлық қажетті материалдық-техникалық жағдайын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң соңғы өзгертулер мен толықтырулар	Балаларлардың денсаулығын қорғау, даралық құқығын, өз пікірін білдіру құқығын, ұждан бостандығын, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңы соңғы өзгертулер мен толықтырулар	Еңбек шарты: ұғым, тараптар. Еңбек шартының мазмұны мен мерзімдері.
	Қазақстан Республикасында білім дамуының бағдарламасы 2020 – 2025 ж.	Жеке бас мәдениетінің негіздерін, мемлекеттік тілді үйрету, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларды үйрету; балаларды эмоционалды және интеллектуалды дамыту, физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және оларды нығайту. Мектепте оқытудың тең шарттық шарттарын жасау мақсатында мектепке дейінгі

		дайындық бағдарламасын бес жасар сәбилер бөбекжай негізінде қамтиды.
	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт 2022ж. 03. 08. №348	Мемлекет білім берудің бәріне міндетті стандарттарды орнатады. Кез-келген оқу орындардың қызметі сол стандарттарға сәйкес келуі керек.
	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың типтік оқу бағдарламасы 2022ж. 14.10.№422	Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті қамтамасыз етуді. Бағдарлама мектепке дейінгі білімді отандық және шетелдік ғылымның тәжірибе жетістіктерін есептеумен дайындалған. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың міндеттерін тәрбиенің, дамытудың және білім берудің бірлігін қамтамасыз етеді.
	2025ж. дейін білім дамуының тұжырымдамасы.	Барлық балаларларды әлеуметтік жағдаяттан және өмір сүріп жатқан мекен - жайына тәуелсіз мектепке дейінгі ұйымдармен ерте қамту; Бес жасар балаларларды мектепке дейінгі дайындықпен толық қамтуды қамтамасыз ету; Оқыту бағдарламасының жетістігі мектепке дейінгі және бастауыш мектептерінде баланы жалықтырып жібермеу мақсатымен оңтайлы жүктеме және салауатты өмір салтының құндылықтарын, денсаулықты нығайтуды қамтамасыз ету; Бала ұйымдастыру іс-әрекетті меңгеруі үшін қажетті жеке басының сапаларын қалыптастыру;
	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»	Мемлекет бәріне міндетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орнатады, біз соған сүйене отырып сау ұрпақ өсіріп, тәрбиелеуіміз керек. Кез-келген оқу орындарының қызметі сол стандарттарға сәйкес келуі керек.

«Baqytty bala» балабақшасы 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс қорытындысы

Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Тұрғын үй алабы Қарғалы, көшесі Қ.Сәтпаев, ғимарат 92/1 мекенжайында орналасқан.

Жоба қуаттылығы: 250 орын.

Материалдық-техникалық базасы

«Baqytty bala» балабақшасының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Балабақша жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін

сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған. Осы идеяларды, жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда мемлекеттік рәміздер стенді, киіз үй түрінде орындалған «Ұлы даланың жеті қыры» стенді, этнопедагогика кабинеті бар.

Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық – техникалық комплекстеріне сәйкес.Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз етуге жағдай жасалған: кимылды ойындарға атрибуттар, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік – дамытушы ортасы құрылған.

	Тәрбие – білім процесін ұйымдастыруға арналған бөлме жайы	Кабинетті жабдықтандыру
	Музыка залы	толық
	Монтессори бөлмесі	толық
	Дене шынықтыру залы	толық
	Бассейн бөлмесі	толық
	Оқу залы	толық

Биылғы оқу жылында балабақшада өз алдына бірқатар міндеттерді қойды:

- Ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде ойын әрекеті арқылы баланың өзін тануға деген қызығушылығын арттыра отырып, өзін-өзі жетілдіруі мен физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу, қабілеттерін ашу, адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
- ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беру мекемесі тәрбиешісінің кәсіби құзіреттілігін дамыту.

III. Педагогтар туралы мәлімет

Балабақшада оқу-тәрбие жұмысында педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, ҰІӨ өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

жылға дейін	5жылдан астам	10жылдан астам	15 жылдан астам	20 жылдан астам

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі орта	%
24	14	88,2	8	29,4	10	11,7	0	0

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Педагогтар саны										
	Басшы ұйымдастырушы	Педагог-зерттеуші	%	1 санат	Педагог сарапшы	%	2 санат	Педагог модератор	%	санатсыз	%
		0		0				3	52,9		

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан оқуға түскендер, еңбек өтілі жоқ жас мамандар бар. Жас мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Біліктілігін жетілдіру курстарының деңгейі		
		республикалық	облыстық	қалалық
2024-2025	24	24	9	6

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейі мен еңбек өтілі бойынша қарастырылады. Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады. Педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері

1. «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.
2. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
3. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
4. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
5. Ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

Балалармен жүргізілген жұмыс.

2024-2025 жылы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес қойған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін, барлық педагог мамандармен, ұжыммен жұмыс жасалды. Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, өмірі мен денсаулығын нығайту үшін жыл бойы қызықты мерекелік, спорттық іс-шаралар өткізіліп отырды.

Қыркүйек айының бірі күні Білім күніне орай барлық топтарда «Балабақша - жайлы мекен» Балабақшада экскурсия өткізу және «Менің сүйікті бөбекжайым» мерекелік ойын-сауық өтті. 5-қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесіне орай «Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу байқауы ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында өтті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында қыркүйек айының екінші аптасында ересек топтары арасында «Жас тыңдарман» мектеп кітапханасына саяхат тақырыбында мектеп кітапханасына саяхатқа барды. Аталған бағдарлама аясында үшінші аптада қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту іс-әрекеттері балалар қатысуымен жүргізілді. Үшінші аптада

экологиялық мәдениетті қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру мақсатында тәжірибелік іс-әрекеттер жүргізілді. Барлық топтарда «Өлшеуіш заттар», «Ауаның қасиеттері», «Ауасыз өмір жоқ», «Әуе шарымен саяхат» тақырыптарында эксперименттер жүргізілді. «Денсаулық күніне» орай үшінші аптада «Толағай» отбасылық спорттық ойын-сауық өтті, топ ата-аналары отбасымен сайысқа қатысты. Ата-аналар белсенді болды. Музыка жетекшісі төртінші аптада кіші топ балаларымен «Сергіту жаттығулары музыка жетекшісімен» тақырыбында іс-әрекет өткізді. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада ересек және мектепалды топ балаларымен қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Қазан айының бірінші аптасында «1-қазан - Қарттар күніне» орай «Қарттарын қадірлеген ел – ардақты» ата-әжелерге арналған концерттік бағдарлама тәрбиеленушілер мен педагогтер арасында өткізілді. Қонаққа балабақшаға келетін балалардың ата-әжелері шақыртылып, сый-құрмет жасалынды, дастархан жайылып, балалардың өнерлерін тамашалады. Бірінші аптада педагог-психологтың ортаңғы топ тәрбиеленушілерімен «Менің сүйікті ойыншығым» психологиялық ойын-сауығы өтті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында қазан айының бірінші аптасында барлық топтарда арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Жас метеоролог» экологиялық бағытта танымдық, эксперименталдық іс-әрекеттер өтті. Балалар ауа райына бақылау жүргізді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында қазан айының бірінші аптасында дене шынықтыру нұсқаушысы мен әдіскердің ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлері арасында топтық сайыс жүргізілді. Үшінші аптада экологиялық мәдениетті қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру мақсатында тәжірибелік іс-әрекеттер жүргізілді. Барлық топтарда «Құпиясы көп заттар», «Құмның сиқыры», «Жел қайдан пайда болады?», «Қырсық заттар» тақырыптарында эксперименттер жүргізілді. Төртінші аптада 25-қазан Республика күніне орай «Менің Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайысы ортаңғы, ересек, мектепалды топтары арасында өтті. 25-қазан Республика күніне орай барлық топтарда «Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігі өтті. Дене шынықтыру нұсқаушысымен төртінші аптада ересек топтарымен Тәуелсіздік ұландары!» ұлттық ойындар эстафеталық жарыс өтті. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада ересек және мектепалды топ балаларымен «ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас» қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «Жедел қызмет телефондары» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Қараша айының бірінші аптасында педагог-психологтың түзету жұмыстары музыка терапиясы, ертегі терапиясы, сурет салу терапиясы, құм терапиясы, жеке-түзету жұмыстары және ойын іс-әрекеттері арқылы барлық топпен жүргізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында қараша айының бірінші аптасында барлық топтарда арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары барлық топта өтті. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында қараша айының екінші аптасында «Қоғамдық мүлікті қорға» тақырыбында барлық топта әңгімелесу өткізілді. Аталған бағдарламаны іске асыру мақсатында «Адалдық алаңы», «Әлем біздің айналамызда», «Табиғат әлемі» мектепалды топтарында іс -шара (мультфильм қарау) өтті. Дене шынықтыру нұсқаушысы педагогтермен «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды ойындар арқылы дамыту/асық, бестемше т.б» тақырыбында ұлттық ойындар сайысын өтті. Үшінші аптада экологиялық мәдениетті қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру мақсатында тәжірибелік іс-әрекеттер жүргізілді. Барлық топтарда «Тартылыс күші», «Аралдар қайдан алынды?», «Күн бізге жылы мен жарық сыйлайды», «Сиқырлы шынылар» тақырыптарында эксперименттер барлық топтарда жүргізілді. Дене шынықтыру нұсқаушысымен үшінші аптада ересек, мектепалды топтарымен ««Ханталапай» ойын байқауы өтті. Үшінші аптада музыка жетекшісімен «Ертегі желісімен квест ойындары» ортаңғы топпен өтті. Төртінші аптада музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы мен топ тәрбиешілері арасында «Тоқта, сақ бол абайла!» тақырыбында жолда жүру ережесіне арналған ойын-сауығы өтті. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада ересек және мектепалды топ балаларымен «Қауіпсіз серуен» қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «. Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген

шекаралар» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Қыс мезгілінде серуендеу ережелері» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Желтоқсан айының бірінші аптасында «Логоритмика – бұл қозғалыс, қозғалыс – бұл денсаулық!» педагог-психолог жоспары бойынша барлық топтармен ойын өткізді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) зияткерлік ойындар мектепалды топтары арасында және екінші аптада барлық топтарда «Тәуелсіздік күні» тәрбие сағаттары өтті. Екінші аптада аналар, әжелер қатысуымен әдіскер пен психолог «Балалар қандай әдеби ертегі кітаптар қарау керек» Table talks форматында дөңгелек үстел өткізді. Осы аптада Экологиялық тәрбие бағыты бойынша: 1. Балалар зертханасына саяхат, 2. Су- өмірдің нәрі, 3. Су құбылыстары, 4. Су сиқыры бағыттарында тәжірибелік іс-әрекеттер жүргізілді. Сонымен қатар дене шынықтыру нұсқаушысымен Сауықтыру іс – шаралары жүргізілді, тақырыбы: «Далада танғы қабылдау; ауа арқылы шынықтыру; күн арқылы шынықтыру» ортаңғы, ересектер, мектепалды топтарымен өтті. Үшінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы ортаңғы топ балаларымен «Алақай, қыс келді» спорттық шара өткізді. Сонымен қатар, жаңа жылдық мерекелерге орай залды безендіріліп, атрибуттар дайындалды. «Қош келдің, жаңа жыл» жаңа жылдық ертеңгіліктер барлық топтарда Музыка жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар қатысуымен жүргізілді. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада ересек және мектепалды топ балаларымен ««Егер адасып қалсам, не істеу керек?» қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «Көмекші- ескерту: іздеу немесе тұру керек пе?» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады?» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Қаңтар айының бірінші аптасында «Қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын-сабақтар, ойын-жаттығулар» педагог-психолог жоспары бойынша ересек және мектепалды топтармен ойын өткізді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында бірінші аптада «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар барлық топтарда жүргізілді және екінші аптада мектепалды тобында «Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін) әңгімелесу өтті. Екінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы «Денсаулық күні» отбасылық эстафеталық жарыс: «Денсаулықты шындаймыз, ата-ананы тыңдаймыз!» ойын-сауық таза ауада өткізді. Екінші аптада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Біз - экологпыз» танымдық, эксперименталдық іс-әрекет барлық топтарда жүргізілді. Үшінші аптада әкелер мектебі аясында «Менің отбасым» ток-шоуы өтті. Әкелермен бірге балалардың тәрбиесі туралы бірнеше қызықты ойындар ойнатылды. Үшінші аптада Экологиялық тәрбие бағыты бойынша: 1. Тамшылар саяхаты 2. Жанартаудың атқылауы қалай? 3. Сабын көпіршіктерден жасаймыз 4. Ғажайып тастар бағыттарында тәжірибелік іс-әрекеттер жүргізілді. Үшінші аптада музыка жетекшісі «Аю» музыкалық ертегісі ҰІӨ-ін ересек топтармен өткізді. Музыка жетекшісі, би жетекшісі, әдіскер консультациялық пункт балаларымен музыкалық мереке: «Қыстың күні көңілді» Silver show, көңілді би алаңы іс-шарасын өткізді. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Қауіпсіз қала» тақырыбында ересек топтар үшін: «Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету» және мектепалды топтар үшін: «Қауіпсіз кіреберіс және лифт» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Ақпан айының бірінші аптасында «Бұртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам» танымдық, эксперименталдық іс-әрекет барлық топ өткізді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында екінші аптада «Ұлттық үстел үсті ойындары» барлық топтарда жүргізілді. Екінші аптада Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Күпия жазбалар», «Дыбысты қаттырақ қалай шығарамыз?», «Магнит», «Дірілдеу» және «Гүілдеу» эксперименттік іс-әрекеттер жүргізілді. Екінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы ортаңғы, ересек, мектепалды топ балаларымен сауықтыру іс – шараларын өткізді. Шарада тыныс алу ойын-жаттығулары; аутотренинг; кедір-бұдыр тактай үстімен жүру; массаж; нүкте массажы; физиоємдеу: тубус-кварц, соллюкс, ұрын мен тамақтың ингаляциясын жасау жаттығулары жүргізілді. Үшінші аптада Қысқы ойын-сауық: «Қыс қызықтары» ойын-сауығын дене шынықтыру нұсқаушысы мектепалды топ балаларымен таза ауада өткізді. Осы аптада музыка жетекшісі мектепалды топ балаларымен «Күй күмбірі» жас домбырашылар оркестрі. Ұлттық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Айналадағы әлем: бұл

керемет жануарлар» тақырыбында ересек топтар үшін: «Үйдегі және ауладағы жануарлардың айырмашылығы» және мектепалды топтар үшін: «Жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздікті сақтау» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Наурыз айының бірінші аптасында «Бұртұтас тәрбие» бағдарламасы 1-наурыз Алғыс айту күніне орай «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен челлендж өтті. «Бұртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында екінші аптада «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбектің наны тәтті» Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер барлық топтарда жүргізілді. Барлық топтарда аналар мерекесіне орай «Ана – ас қымбат жан» ертеңгіліктері ұйымдастырылды. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Найзағай деген не?», «Шам неге жанады?», «Электр театры», «Кемпіркөсақ аспанда» эксперименттік іс-әрекеттері жүргізілді. Үшінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы ортаңғы, барлық топ балаларымен «Жүзден жүйрік» ұлттық ойындар спорттық мереке өткізді. Шарада ұмыт қалған ұлттық ойындар ойнатылып, балалардың күштері ортаға салынды. Үшінші аптада барлық топтармен музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар қатысуымен «Наурыз – жыл басы!» ертеңгіліктері өтті. Ертеңгілік барысында әжелер салт-дәстүрлерді көрсетіп, әкелер балааларды ашамайға отырғызу дәстүрімен таныстырып, ұлттық ойындар ойнатылып, ұлттық дастархан жайылды. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Мен және бөгде ересек адам» тақырыбында ересек топтар үшін: «Сенімділік шеңберлері, ересектердің ережесі: егер бейтаныс адам есікті қақса, не істеу керек?» және мектепалды топтар үшін: «Қылмыскердің келбеті қандай? Талдау және қорытынды жасау» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Сәуір айының бірінші аптасында «Бұртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша барлық топтарда «Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» сюжетті-рөлдік ойындары өткізілді. «Біз де мектепке барамыз» мектепалды топ балалары мектепке саяхат жасады. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Гүл отырғызу», «Табиғат тамашасы», «Табиғат білгіштері» және «Қызықты фокустар» тақырыптары тәжірибелік іс-әрекеттер барлық топта өткізілді. Екінші аптада мектепалды топ балалары Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрына саяхатқа барды. Саяхат барысында балалар «Алдар көсенің бастан кешкендері» қойылымын тамашалап келді. Үшінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы ересек топтармен «Көңілді старт» мерекелік шарасын өткізді. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ««Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары)» тақырыбында ересек топтар үшін: «Қауіпсіз тамақтану ережелері, гаджеттерді қарап отырып, тамақтануға бола ма?» және мектепалды топтар үшін: «Азық-түліктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзінді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?)» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Мамыр айының бірінші аптасында Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Кеме саяхат үшін», «Сиқырлы қағаз», «Күшті газеттер», «Достық бояулар» тақырыптары тәжірибелік іс-әрекеттер барлық топта өткізілді.

Екінші аптада дене шынықтыру нұсқаушысы ортаңғы топтармен «Біздің әсем бақшамыз» эстафеталық жарыс Денсаулық күні мерекелік шарасын өткізді.

Үшінші аптада ортаңғы, ересек, мектепалды топ ұлдарының арасында «Жігіт сұлтаны-2025» байқауы өтті. Нәтижесінде «Айгөлек» ересек тобының тәрбиеленушісі Байқоныс Батырхан «Жігіт сұлтаны - 2025» атағын жеңіп алды. Қатысушылар дипломдар мен сыйлықтармен марапатталды. Мектепалды топтарда «Қош бол, бөбекжай!» атты мектепалды топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен ертеңгілік өтті.

Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Қауіпсіз үй. Үйде жалғыз қалғанда» тақырыбында ересек топтар үшін: «Үйдегі қауіпті заттар» және мектепалды топтар үшін: «Электр құралдарымен, розеткалармен, қуаттау құрылғыларымен жұмыс істеу ережесі» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Педагогтардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру.

Мақсаты: Кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және енгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру.

Жылдық жоспар бойынша тәрбиешілер, педагогтар бір-бірімен тәжірибе алмасу мақсатымен педагогикалық байланыс орнатты. Жас педагогтар өз тәлімгерлерімен тығыз байланыста болып, күнделікті кіріктірілген іс-әрекеттерді ұйымдастыруда пікір алмасып отырды.

Мектепалды топ түлектері жайлы ақпарат

(2024-2025 оқу жылы)

Түлектер саны:

100 бала -2025жыл

Барлық педагогикалық кеңестер дәстүрлен тыс әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастырылды. Әдістемелік сағаттарда педагогтермен шеберлік сағаттар мен тренингтер өткізіліп отырды. Әр педагогикалық кеңеске педагогтер бөлініп, әр педагог өз тақырыптары бойынша шеберлік сағаттар және іс-тәжірибелерімен бөлісті. Соңғы педагогикалық кеңес екі бөлімге құрылды. Бірінші бөлімі балабақша ішінде қорытынды есептері бойынша қорытылып, тренинг ойындарымен бекітілсе, екінші бөлімі таза ауада (выездной педсовет) педагогикалық сағат әдісі бойынша өткізілді.

Тұжырым: 2024-2025 оқу жылы балабақшада ұлттық құндылықтарды насихаттаумен қатар жасанды интеллектті меңгерулері бойынша жыл бойы жұмыстар жасалынды. Барлық топтарға ата-аналар қолдауымен әр балаға жеке көрпешелер және де ұлттық киімдер тігілді. Әр сәрсенбі күні «Ұлттық киім» күні болып белгіленді, осы күні барлық қызметкерлер мен балалар ұлттық киіммен жүрді. Барлық топтар дамытушы орталықтарға бөлінді, бөбекжай тарапынан және ата-аналар қолдауымен топтар толықтай жабдықталды. Барлық топтарда қазақ бұрыштары құрылды, жартылай құрылған қазақ үй барлық топтың сәнін кіргізді.

Балалармен өткізілген барлық жұмыс жоспар бойынша жүйелі түрде өткізілді. Баланың қабілеті мен талантын дамытуға, өз-өзін дамытуына жағдай жасалды. Барлық құжаттар тігілді, жылдық жоспар бойынша жоспарлы іс-шаралар өткізілді. Әр балаға жеке көңіл бөлінді. дамытуға керектігі: дамытушы орта, жұмыстың тиімді түрлері мен әдістері, балалардың қабілеттерін ашуға жағдай жасай, дамытушы орталықтарды толықтыру мақсатымыз толықтай орындалды деп айта аламыз.

Құжаттарды дайындау

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау	Жыл бойы	Шарттар	Меңгеруші
2	Балалардың жас топтарын құру	Тамыз	Бала тізімдері	Меңгеруші, медициналық қызметкер
3	«Baқытты бала» балабақшасының оқу жылына дайындығы	Қыркүйек	Акт	Меңгерушінің ӘШБ жөніндегі орынбасары, әдіскер
4	Балалар контингенті мен педагогикалық ресурстар бойынша есептік-статистикалық ақпарат бойынша есеп дайындау	Қыркүйек	Есеп нысандары	Меңгеруші, әдіскер
5	Жазғы сауықтыру маусымына дайындық	Сәуір, мамыр	Жазға арналған жұмыс жоспары	Меңгерушінің ӘШБ жөніндегі орынбасары, әдіскер, медициналық қызметкер

Балабақша қызметкерлерінің біліктілігін арттыру іс- шаралары

№	Іс-шаралары	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	БАҚ өкілдері және әлемдік жаңалықтар мен танысу	Ай сайын	Тәрбиешілер	
2	Тәрбиешілерге арналған стендке, жаңа мектепке дейінгі тәрбие әдістемелерінен материалдар жасақтау	Қыркүйек	Әдіскер	
3	Педагогтардың білім көтеру бойынша атқарылған жұмыстарының шығармашалық есебі	Жыл бойында	Меңгеруші тәрбиешілер	
4	«Ұстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейіні» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау.	Жыл бойында	Меңгеруші, әдіскер тәрбиешілер	

2. Құқықтық біліктілікті арттыру

Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің, педагогтардың өзара қарым-қатынасы барысында құқықтық мәдениетін арттыру.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Семинар: Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелерді нормативті -құқықтық құжаттарын қолдануды қамтамасыз ету	Тоқсан сайын	Б/б меңгеруші
2	«Балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау, зорлық-зомбылықтың, буллингтің және балалардың құқықтарын бұзудың кез келген түрін болдырмау» тақырыбында кеңес	Қыркүйек	Б/б меңгеруші
3	«ҚР Еңбек кодексі» кеңес	Қаңтар	Кәсіподақ төрайымы, Әдіскер

БЛОК 1

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту

2025-2026 оқу жылында

біліктілік жетілдіру курстарынан өтетін педагогтар тізімі

№	Педагогтың Т.А.Ә.	Лауазымы	Соңғы курс мерзімі
1	Кадирова Нүргүл Мырзабекқызы	тәрбиеші	13 қаңтар 2023 жыл
2	Таңай Айгүл Ғалиқызы	тәрбиеші	19 мамыр 2023 жыл
3	Аяғанова Гульнар Джумабергеневна	тәрбиеші	13 сәуір 2023 жыл

1.2. Аттестаттауға дайындық және аттестаттау.

Аттестацияға қатысатын педагогтармен өткізілетін жұмыс жоспары.

Жүргізілетін жұмыс	
I кезең	Ұйымдастыру
	1. Өтініш-аттестацияға қатысушының негіздемесі. 2. Педагогикалық іс-әрекетіне өздігінен талдау 3. Нормативті-құқылық құжаттарды меңгеру 4. Сауалнама 5. Жеке педагогикалық ізденіс бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарын бекіту.
II кезең	Аттестацияға қатысатын педагогтармен жұмыс жасау.
	1. Жылдық перспективтік жоспарын тексеру 2. Күнтізбелік жоспарын тексеру 3. Ата-аналармен жұмыстар өткізген жоспарын тексеру 4. Күн тәртібінің бөлімдеріне қатысу, балалармен жұмыс жасау анализі. 5. Ашық шараларын өткізу. 6. Тәрбиешілердің әдістемелік ұжымына қатысуы (жұмыс тәжірибесінен хабарлама) 7. Семинарларға қатысуы 8. Шығармашылық микротоптарына қатысуы 9. Педкеңестерге қатысуы 10. Нәтижелерді бақылауы. Диагностика
III кезең	Аттестация
	1. Нормативтік-құқылық құжаттары бойынша аттестацияға қатысушы педагогтармен әңгімелесу. 2. Аттестацияға қатысатын педагогтардың шығармашылық есебі. 3. Аттестация

2025-2026 оқу жылына

1.3. Педагогикалық кадрлардың өз білімін жетілдіру бойынша тақырыптар тізімі

№ р/с	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты-жөні	Тақырыптар
1	Мектепалды топ «Қызғалдақ»	Жанабергеннова Азира	Жасанды интеллект технологиялары арқылы балаларды дамыту
2	Мектепалды топ «Сәйгүлік»	Тулебаева Әсия	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру

3	Мектепалды топ «Балдырған»	Ормантаева Ақгүл	«Steam» технологиясы үлгілерін оқу қызметтерінде тиімді пайдалану
4	Мектепалды топ «Ақбота»	Уразбаева Наргиза	«Мектеп жасына дейінгі балаларға қаржылық сауаттылықты үйрету».
5	Ересек топ «Балбөбек»	Оразова Есенгүл.	«Саусақ ойындар арқылы балалардың танымдылық қабілеттерін дамыту»
6	Ересек топ «Айгөлек»	Жаханова Айгүл	Ұлттық құндылықтардың бала дамуындағы маңызы
7	Ересек топ «Ботақан»	Жалкенова Майра Тулешовна	Мектепке дейінгі білім беруде ойын арқылы оқыту әдістері
8	Ересек топ «Түймедақ»	Балжанова Алтын	Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту жолдары
9	Ортаңғы топ «Қарлығаш»	Аяганова Гульнар	Балалардың саусақ моторикасын дамыту
10	Ортаңғы топ «Ертегілер»	Ойнарбекова Ақниет	«Дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың тіл байлығын дамыту»
11	Музыка жетекшісі	Нагишева Сымбат	«Сергіту жаттығулар арқылы әуенді қимыл-қозғалыстарға үйрету»

БЛОК 2

Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс

2.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

№	Ұйымдастыру жұмысы	Өтілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Шығармашылық топ құрамын бекіту және жұмыс жоспарын құру. Жауапты тұлғаларды анықтап, бұйрық шығару	Жиналыс	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
2	«Жасанды интеллект: Балалар дамуындағы мүмкіндіктер мен қауіптер» тақырыбында әдістемелік кеңес	Кеңес	Қыркүйек	Әдіскер, педагогтар
3	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қызығушылық орталықтары бойынша ұйымдастыру	Шеберлік сынып	Қыркүйек	Әдіскер, педагогтар
4	«Жасанды интеллект технологиялары: шығармашылыққа жол» тақырыбындағы көркем-шығармашылық бағыттағы шеберлік сабақ	Шеберлік сынып	Қазан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
5	Ұлттық құндылықтарды ойын арқылы дамыту: асық, бестемше және т.б. ұлттық ойын түрлерін қолдану	Шеберлік сынып	Қараша-желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
6	«Инновациялық технологиялар алаңы»: түрлі бағыттағы әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасу	Шеберлік сынып	Қаңтар-ақпан	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар

7	Балалардың музыкалық шығармашылығын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығулар	Шеберлік сынып	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
8	Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне арналған ойын алаңын ұйымдастыру және тиімді пайдалану	Шеберлік сынып	Сәуір-мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер

2.2. Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары» Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру» Тамыз кеңесінің жаңалықтары мен ұсыныстары: Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңестерінің мазмұнымен таныстыру. Жазғы кезең қорытындысы: Сауықтыру және шынықтыру жұмыстарының нәтижесін сараптау. 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту: Жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау Оқу жоспары мен вариативтік бөлімнің мазмұнын бекіту Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесін талдау Перспективалық жоспарларды жүйелеу Топтардағы күн тәртібін нақтылау Аттестациялау кезеңі: 2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтерді айқындау және бекіту. Педагогикалық тренинг: Жаңа оқу жылына мотивация. Командамен тиімді жұмыс істеу дағдылары. <i>«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс»</i>	қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер Медбике
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту» Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.	қараша	Әдіскер Логопед Педагог-психолог

	1.«Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы» <i>тәрбиеші Жанабергенова Азира</i> 2.«Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері <i>тәрбиеші Атабаева Амагул</i> 3.«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық» <i>тәрбиеші Жалкенова Майра.</i> 4.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз» <i>Жүргізуші: Ормантаева Ақгүл</i> №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы		
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау» Мақсаты: Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау. 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі 2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы <i>Тәрбиеші: Токмурзин Гаухар</i> 3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу <i>Тәрбиеші: Дузелбаева Гульзат</i> 4. «Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы <i>Әдіскер: Бақыт Арайлым</i> 5. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» <i>Тәрбиеші: Кадирова Нұргүл</i>	ақпан	Меңгеруші, топ тәрбиешісі
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер» Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану. 1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы 2. Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы <i>Әдіскер: Бақыт Арайлым</i>	наурыз	Меңгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілері

	3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі Музыка жетекшісі: Нағишова Сымбат 4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі) Тәрбиеші: Аяганова Гульнар 5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі Тәрбиеші: Таңай Айгүл 6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» Тәрбиеші: Балжанова Алтын		
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол» Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау. Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі 3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика) 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»	мамыр	Меңгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілер Әдіскер медбике

2.3. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату.
Мобильді топтың **2025-2026** оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Ай	Жүзеге асыру формасы	Отырыс тақырыптары	Мақсаты	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Қатысушылар
1	қыркүйек	Дөңгелек үстел	«Жаңа бастама – біріккен мақсат»	Ұйым төлқұжатын нақтылау, бақылау МДҰ-ны бекіту, жоспар құру, топ мүшелерін біріктіру	1. Сауалнама арқылы шығармашылық әлеуетті анықтау 2. Командалық жұмысқа бағыттау	МДҰ	МДҰ
2	қазан	Қашықтықтан	«Баланы қарсы алатын	Құзыреттілік орталықтарын, дамыту	1. Слайдтар, фотосуреттер, видеоматериал	МДҰ	МДҰ

			кеңістік: орта – үшінші тәрбиеші»	ортасын тиімді ұйымдастыру бойынша кеңес беру	дар 2. Сұрақ-жауап арқылы нақтылау		
3	қараша	Ашық есік күні	«Құзыреттілік орталығы – әрекет алаңы»	Құзыреттілік орталықтарын дағы тәжірибені көрсету	1. Бақылау балабақшада ұйымдастырушылық сәттерге қатысу арқылы тәжірибе тарату	МДҰ	МДҰ
4	желтоқсан	Қашықтықтан	«Ізденістен нәтиже – мобильді топ жұмысы»	Мобильді топтың жетістіктері мен қиындықтарының анықтау, тәжірибе алмасу	1. МДҰ арасында кері байланыс орнату 2. Ұнаған әдіс, қиындықтар, ұсыныстар бойынша пікір алмасу	МДҰ	МДҰ
5	қаңтар	Дөңгелек үстел	«Семинар : бірлескен идеядан нақты іске»	Алдағы семинарға мақсатты дайындық, жауаптыларды бекіту	1. Семинар мақсатын, тақырыбын, мазмұнын нақтылау 2. Бағдарлама жасау	МДҰ	МДҰ
6	ақпан	Семинар-практикум	«Тәжірибе алаңы: идея – әрекет – нәтиже»	Құзыреттілік орталықтары негізінде практикалық іс-әрекет көрсету	1. Топтық шебер-сыныптар 2. Экскурсия 3. Сұрақ-жауап	МДҰ	МДҰ
7	наурыз-сәуір	Кеңес беру мақсатындағы сапарлар	«Бақылау, қолдау және кәсіби кеңес»	Құзыретті орталықтардың іске асу барысын саралау, қажетті әдістемелік көмек көрсету	1. Әр бөбекжайдың жұмысын талдау 2. Қателермен жұмыс 3. Ортақ шешім қабылдау	МДҰ	МДҰ
8	мамыр	Дөңгелек үстел	«Жыл қорытындысы: жетістік пен жаңа міндеттер»	Жыл бойғы жұмысты саралау, тиімді тұстарды талдау, келесі жылға ұсыныс енгізу	1. Мобильді топ жұмысына талдау 2. Қорытынды рефлексия	МДҰ	МДҰ

2.4. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру.

№	Дамытушы ортаны ұйымдастыру жұмысының бағыттары	Мерзімі	Жауаптылар
1	Топтарда заттық-кеңістік дамытушы ортаны кезең-кезеңімен толықтыру	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілері
2	Арнайы кабинеттердің білім беру әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілері
3	Дәліздер мен ортақ кеңістіктерді тиімді жабдықтау	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілері
4	Эксперименттік іс-әрекеттер үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілері
5	Сыртқы және ішкі ойын алаңдарын жетілдіру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілері

2.5. Педагог-психологтың балалар мен педагогтармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Ұйымдастыру жұмысының бағыттары	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Менің отбасым – менің тірегім» танысу және қарым-қатынас орнату тренингі	Қыркүйек	Барлық топтар
2	Отбасымен бірге – қауіпсіз ортада	Қазан	Ортаңғы топтар
3	Сезімдер әлемі	Қараша	Ересек топтар
4	Дос болайық!	Желтоқсан	мектепалды топтар
5	Жыл мейірімділікпен басталсын!	Қаңтар	Ортаңғы топтар
6	Біздің топ – бір отбасы	Ақпан	мектепалды топтар
7	Әдептілік – адамдық белгісі	Наурыз	Ортаңғы топтар
8	Жыл қорытындысы: Жетістіктерім мен арманым	Сәуір	Педагогтер

2.6 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары				
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
№	Қызмет түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту	Жоспар	МДТ ұйымдарының педагогтары	Тамыз-қыркүйек
2	Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттері	Хаттама	МДТ ұйымдарының педагогтары	Жыл бойы
3	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Хаттама	Қамқоршылық кеңестің хатшысы	Жыл бойы
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні				

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Р /с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	1 қыркүйек - Білім күні «Тілім менің тірегім»	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет Дәйексөз: «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі»	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері	Мерзімінде
2	«Бақытты отбасы - берекелі ел»	Бейне -ролик Дәйексөз: «Ер дәулеті - еңбек»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Абай әндері»	Музыкалық кеш Дәйексөз: «Білімдіден шыққан сөз –талаптыға болсын кез»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы,әдіскері,	Мерзімінде

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Қарттарым -асыл қазынам»	Құттықтау. Дәйексөз:«Үлкенге ізет-жасқа жол»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Ұстаздарға мың алғыс»	Мерекелік кеш Дәйексөз: «Баланың бас ұстазы ата-ана»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Жомарт күз» жәрмеңкесі	Көрме Дәйексөз : «Көктемгі әрекет – күзгі берекет»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
4	«Мен Отаныммен мақтанамын!»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады»	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі,тәрбиешілер	Мерзімінде

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15-қараша ұлттық валюта теңге күні

1	«Әжелер мектебі»,	Қолөнер сайыс Дәйексөз: 1.« Ана алдында құрмет – ата алдында қызмет»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	Сапарғали Ысқақұлы Бегалин «Өлеңмен өрнектелген әлем»	Өлеңдегі табиғаттың сурет көрмесі. Дәйексөз: «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Дүкен» ойындары - қаржылық	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

	сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту	Дәйексөз: «Еңбек етсең ерінбей тояды, қарның тіленбей.»		
3	«Адал ұрпақ»	Мультфильм қарау Дәйексөз: «Әділін айтсаң – әдемі айтқаның»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы <i>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</i>				
1	«Республикамыз – мақтанышым!»	Ертеңгілік Дәйексөз: 1. «Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді» 2. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
2	«Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Спорттық ойындар Дәйексөз: 1. «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ» 2. «Бірлік болмай – тірлік болмас»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
Қаңтар – заң және тәртіп айы <i>1 қаңтар – Жаңа жыл</i>				
1	«Асық асыл қазына»	Ұлттық ойындар Дәйексөз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері	Мерзімінде
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек жастағы балалар үшін)	Өңгімелесу Дәйексөз: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	<u>Әжем</u> айтқан ертегі «Әжелер мектебі»	Ертегі айту Дәйексөз: 1.«Ақыл тату тәртіппен» 2. «Атасыз үй – батасыз, Анасыз үй-панасыз»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық <i>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні</i>				
1	«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам:	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет Дәйексөз: 1. «Өнер ақиқаты – жасампаздықта»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

		2. «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз»		
2	«Шын жүректен кітап сыйла!»	Акция Дәйексөз: «кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Қол бұйымдарының көрмесі Дәйексөз: «Өнерді үйрен, үйрен де жирен»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж Дәйексөз: «Ел іші – алтын бесік»	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	Мерзімінде
2	«Ананың аялы алақаны»	Челлендж Дәйексөз: «Ана–өмірдің гүлі»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде
3	«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Жақсылықтың жиынтығы- өз Наурыз»	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	Мерзімінде
4	«Құрақ көрпе»	Көрме ұйымдастыру Дәйексөз: «Ою ойғанның ойы ұшқыр»	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	Мерзімінде

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

12 сәуір – Ғылым күні

1	«Құстарға қамқор болайық» Құстарға ұя жасау	Акция Дәйексөз: «Дос ізде, егер тапсаң қамқор бол»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	Мерзімінде
2	«Кішкентай зерттеушілер»	Эксперимент Дәйексөз: «Еңбектің наны тәтті,жалқаудың жаны тәтті.»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Сән салоны», «Емхана»	Сюжетті-рөлдік ойындар Дәйексөз: «Адам құрметіне бөленемін	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

		десең, өзің де құрметтей біл»		
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы <i>1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні</i> <i>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні</i> <i>9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні</i> <i>15 мамыр – Халықаралық отбасы күні</i>				
1	«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі Дәйексөз: 1. «Береке көзі – бірлікте» 2.«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Мерзімінде
2	«Білімім – Отаныма»	Ертеңгілік Дәйексөз: «Отанды сүю — от басынан басталады.»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде
3	«Менің отбасым - бақыт мекенім»	Қабырға газеті Дәйексөз: «Отбасым-алтын бесігім»	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Мерзімінде

2.7. Семинарлар, практикумдар, консультациялар, шеберлік сыныптары және басқа да әдістемелік жұмыс түрлері

№	Мерзімі	Семинар тақырыбы	Жұмыс түрі	Жауаптылар
1	қыркүйек	«Мектепке дейінгі ұйымдарда жасанды интеллект элементтерін қолдану» – ата-аналармен жұмыс құрылымы және цифрлық білім беру ортасын құру	Семинар-практикум	Әдіскер, Тәрбиешілер
2	қазан	«Логопедияда ЖИ құралдары: дыбысты түзету және сөйлеу дағдыларын дамыту»	Семинар-практикумы.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед
3	қазан	«Балабақшадағы оқу үрдісіне кірктірілген логопедиялық әдіс-тәсілдерді енгізу»	Семинар-практикум	Әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер
4	қазан	«Цифрлық логопед: оқу үрдісіне кіріктірілген онлайн және ЖИ әдіс-тәсілдер»	Шебер сынып	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
5	қараша	«Ұлттық ойындарды цифрлық форматта жаңғырту: асық, бестемше және басқа да дәстүрлі ойындардың AR/VR үлгілері»	теория – 10мин. практика – 40 мин.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
6	желтоқсан	«Жасанды интеллект көмегімен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту»	кеңес.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер

7	қаңтар	«Этнопедагогика мен ЖИ синтезі: ұлттық мазмұндағы цифрлық тіл дамыту әдістері»	теория – 10мин. практика – 40 мин.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
8	ақпан	Ұзақ мерзімді семинар-практикум – «АКТ және ЖИ технологияларын білім беру кеңістігіне енгізу»: • Математикада ЖИ қолдану • Сурет салуда ЖИ генерация құралдары • Сауат ашуда адаптивті онлайн платформалар • Сөйлем дамытуда интерактивті чат-боттар	шеберлік сыныптары	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
9	наурыз	«Театр қызметінде AR/VR технологияларын қолдану: әлеуметтік-эмоциялық дамуды қолдау»	кеңес	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
10	сәуір	«Сюжеттік-рөлдік ойындарды геймификациялау және цифрлық құралдар арқылы сөздік қорды кеңейту»	кеңес	Әдіскер, Педагог-психолог, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
11	мамыр	«Жазғы ойын алаңдарын цифрлық сенсорлық орталықтармен жабдықтау»	шеберлік сыныптары	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер

2.8. Жас мамандармен жұмыс

Тақырыбы: «Бүгінгі жас маман-ертеңгі шебер ұстаз»

Мақсаты: Инновациялық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру барысында жас ұстаздарға жан-жақты көмек көрсету.

Міндеті:

1. Жас маманның кәсіби шеберлігін арттыру.
2. Жас маманды шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету.
3. Жас маманның өз білімін үнемі тереңдетіп отыруын бақылау.

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін, ақпараттық сауаттылығы мен шығармашылық инновациялық әдістер мен тәсілдер қолдануда көмек көрсету.

Жас мамандармен жұмыс				
№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
1.	№1-отырыс. 1. 2025 - 2026_ оқу жылында «Жас мамандар» мектебінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысын талдау. 2. Тәлімгер мен жас мамандар жұмысының жеке жоспарларын бекіту. 3. Жас мамандарды ұжымның қызметі және ережелерімен таныстыру.	Отырыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Қыркүйек

	4. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, талқылау. 5. Топтардағы құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету. 6. Жас мамандардың балалардың барлық жас ерекшеліктері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған әдістемелік кітаптар көрмелерін дайындау және ұйымдастыру. 7. Жас мамандарға сауалнама өткізу.			
2.	Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту	кеңес	Әдіскер, тәлімгер	Жыл бойы
3.	№2-отырыс. 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізуді үйрету. 2. Тәрбиелеу циклограммасын жоспарлау. Балалармен бір күн ішіндегі іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. 3. Шығармашыл ұстаздардың ҰІӨ-не жас мамандардың қатысуы. 4. Жас мамандар жұмыстарының қажеттіліктеріне байланысты кеңестер.	Дөңгелек үстел	Әдіскер, тәлімгерлер	Желтоқсан
4.	№3-отырыс. Іс-шара атауы: «Цифрлық құралдар – жас маманның сенімді серігі» Жасанды интеллект технологияларымен жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымда ойын платформаларын қалай қолдануға болады?	Практикалық жұмыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Наурыз

	1. Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер.			
5.	№4-отырыс. 1. Портфолио жинақтау. 2. Жас мамандар апталығы (ашық есік, тәрбиелік іс-шаралар). 3. Жұмыс қорытындысын шығару. Жас мамандармен сұхбаттасу, кәсіби жетістіктерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізу.	Ашық көрсетілім	Әдіскер, тәлімгерлер	Сәуір

2.9. Ашық есік күні

Міндеті: Ұйымдастырылған іс әрекетін меңгеруге, біліктілік пен дағдыларды игеруге алған білімді тәжірибеде қолдану.

№ 2 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қараша	Мектепалды топтарының тәрбиешілері
2	Кіріктірген ұйымдастырылған іс-әрекеттер	қараша	Ортаңғы топ тәрбиешілері
3	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қазан	Барлық топтар дене шынықтыру нұсқаушылары
4	Ұйымдастырылған іс-әрекет	қазан	Логопед мұғалімдері

№ 3 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Үйдегі логопед» үйде сөйлеуді түзету	қаңтар	логопед
2	«Менің отбасым» ток-шоу «әкелер мектебі» шебер қолдар	қаңтар	Барлық топ тәрбиешілері
3	«Игі істер күндері» «Аналар мектебі»	қаңтар 2-3 апта	Орта, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
4	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қаңтар 2-3 апта	ересек топ тәрбиешілері
5	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қаңтар 2-3 апта	Музыка жетекшісі

№ 4 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	сәуір	Ортаңғы топ
2	Кіріктірген ұйымдастырылған іс-әрекеттер	наурыз	Ортаңғы топтар
3	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	сәуір	Мектепалды тобы
4	Ұйымдастырылған іс-әрекет	сәуір	ортаңғы тобы
5	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	сәуір	мектепалды тобы
6	Кіріктірген ұйымдастырылған іс-әрекеттер	сәуір	ортаңғы тобы

7	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	сәуір	Ересектер тобы
8	Ұйымдастырылған іс-әрекет	сәуір	ересектер тобы
9	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	сәуір	ортаңғы тобы

2.10. Инновациялық қызмет

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Инновациялық жобалармен жұмыс	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
2	Мектепке дейінгі ұйымға жасанды интеллект технологияларын енгізу және пайдалану	Жыл бойы	Әдіскер
3	Ұйымдастырылған іс-әрекетте мнемотехника әдістерін қолдану тәжірибесі	Ақпан	Әдіскер
4	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің экологиялық мәдениетін дамыту	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, қазақ тілі мұғалімі
5	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сауықтыруда дәстүрлі және баламалы денсаулық сақтау технологияларын қолдану	Сәуір	Әдіскер, логопед, педагогтер, дене шынықтыру нұсқаушылары

2.11. Экологиялық тәрбие бойынша «Жасыл балабақша» жоспары Эксперименттік әрекетке қатысу

№	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	Таза аула – таза қала Тәжірибе: «Таза және лас судың айырмашылығын анықтау»	Қоршаған ортаны тазалықта ұстау, қоқысты сұрыптау дағдыларын қалыптастыру.	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
2	Жер – өмір негізі Тәжірибе: «Топырақтың құрамын зерттеу»	Топырақтың түрлері мен қасиеттерін таныстыру, жерді қорғау дағдыларын қалыптастыру. Күз мезгіліндегі табиғат көріністерін бақылау, еңбекке баулу.	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Жануарлар әлемі Тәжірибе: «Жануарлардың әр жыл мезгілінде қоректенуі»	Жануарлар мен олардың тіршілігі жайлы білімдерін толықтыру, оларға қамқорлық сезімін ояту.	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
4	Құстарды қорғау күні Тәжірибе: «Құстардың жемін дайындау»	Құстардың табиғаттағы рөлі, оларға қамқорлық жасау жолдарын үйрету.	Желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
5	Қардағы ойындар Экологиялық жарыс ойындар Тәжірибе: «Мұздың пайда болуы және еруі»	Қыс мезгілінде табиғаттағы өзгерістерді бақылау, қармен ойнау арқылы денсаулықты нығайту.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер
6	Орман және оның тұрғындары Тәжірибе: «Өсімдіктер мен жануарларға жарық	Орман экожүйесімен таныстыру, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қажеттілігін түсіндіру.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер

	пен судың әсері» Тәжірибе: «Жапырақтың тыныс алуы»			
7	Ауа – тіршілік тынысы Тәжірибе: «Ауаның бар екенін дәлелдеу»	Ауаның маңызын түсіндіру, оны ластамау жолдарын үйрету.	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
8	Табиғатқа саяхат Тәжірибе: «Табиғат дыбыстарын тыңдау және ажырату»	Табиғат аясында серуендеу арқылы байқағыштықты, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, қазақ тілі мұғалімі
9	Су – тіршілік көзі Экологиялық мереке Тәжірибе: «Судағы тіршілік иелерін бақылау» Сумен эксперименттік іс-әрекеттер жасау	Балаларға судың адам өміріндегі, табиғаттағы рөлі туралы түсінік беру және суды үнемдеуге үйрету. Өзен, көл және теңіз тіршілігін таныстыру, су жануарларын қорғау.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

1.12. Әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру

Міндеті: Мектепке дейінгі шағын орталығындағы іс әрекеттерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуын стандарт талаптарына сай жүзеге асыру

Жұмыс мазмұны, бағыты	Мерзімі	Жауапты
Педагогикалық процесті жабдықтау, ұйымдастыру		
Жаңа стандарт талаптарына сай, бағдарламаны негізге ала отырып перспективтік жоспар құру	қыркүйек	әдіскер, тәрбиешілер
Балаларға ертегі айтуды, жаттауға арналған поэтикалық материалды, балалар жазушылары мен иллюстраторларының шығармашылығы бойынша тақырыптық материалдарды айтуға үйрететін материалды толықтыру.	Қараша	Әдіскер
Білім беру бағдарламаларын орындау үшін қажетті оқу жабдықтарымен, оқу-әдістемелік құралдармен жасақталуы;	қыркүйек	Әдіскер
Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына жоспарды бекіту-курстардан өту – аудандық деңгейдегі семинарларға, МҰ-ға қатысу	қыркүйек	Әдіскер
Жалпы педагогтардың сандық және сапалық құрамын анықтау(саты бойынша)	қыркүйек	Әдіскер
«Тәрбие-білім беру жұмысын жоспарлаудың жаңа түрлері» атты кеңес	қыркүйек	Әдіскер
2025-2026 оқу жылына балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторын жасау	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер
Жаңа оқу жылына оқу жұмыс жоспарын, апталық оқу іс әрекет жүктемесінің кестесін құру	тамыз	Әдіскер
Тәрбиешілердің іс әрекеттерін, білімділік, білік, шеберлік деңгейінің мониторингін жасау	қазан	Әдіскер, психолог
Әдіскер бұрышын толықтыру, жаңарту	оқу жылы барысында	Әдіскер
Оқу құралдарын, көрнекіліктерді толықтыру	оқу жылы барысында	менгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Әдістемелік жаңалықтармен танысу	оқу жылы барысында	меңгеруші, Әдіскер
Балабақшада өткізілген іс шаралар туралы аудандық білім беру бөліміне есеп беру	тоқсан сайын	Әдіскер
Айлық жоспардың орындалуына меңгеруші жанындағы кеңесте есеп беру	ай сайын	Әдіскер
Көрнекі құралдардың картотекасын тақырып бойынша толықтыру: «Адамгершілік-патриоттық тәрбие. Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша материалдарды жүйелеу және жаңарту	Желтоқсан	Әдіскер
Тамыз конференциясына дайындық	шілде	меңгеруші, Әдіскер
Тәрбиешілердің құжаттарын тексеру	тоқсан сайын	меңгеруші, Әдіскер
Балалардың күнделікті өмірін ұйымдастыру циклограммасы мен ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарларын тексеру	апта сайын	Әдіскер, тәрбиешілер
Психологпен біріге отырып индикатор жүргізу	I,II жартыжылдық бойынша	Әдіскер, психолог
Ертеңгіліктердің өтілуіне талдау	кестеге сәйкес	меңгеруші, Әдіскер
Экскурсияны ұйымдастыру - мектепке - мұражайға - алаңға - аудандық кітапханаға - дүкендерге	кестеге сәйкес	меңгеруші, Әдіскер
Педагогтар арасындағы сайыс: «Керемет топ – 2025 жыл» байқау «Үздік бөбекжай педагогы – 2025 жыл» байқауы «Жыл тәрбиешісі – 2025 жыл» байқауы	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
Тәрбиешілердің жұмыстарын, конспектілерін газет журналдарға басылымдарға жіберу		меңгеруші, Әдіскер
Балалардың салған суреттерін дәлізге ілу	тақырыпқа байланысты	Әдіскер

Әдістемелік кеңестер

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 отырыс <i>"Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық"</i> 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: • перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; • өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; • электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.	Қыркүйек	Әдіскер Педагог-психолог

	4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар). 5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 6. Ағымдағы мәселелер.		
2	Тақырыбы: <i>"Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу"</i> Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформалар арқылы нығайту.	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
3	Тақырыбы: <i>"Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"</i> Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту. 1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиялық технология арқылы дамыту» тәжірибесі. 2. 2025–2026 оқу жылы І жартыжылдықтағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика). 3. Өртүрлі мәселелер.	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
4	Тақырыбы: <i>"Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы"</i> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта). 3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика). 4. «Инновациялық топ» байқауының қорытындысы. 5. «Жылдың цифрлық тәрбиешісі» марапатын табыстау. 6. Мамандардың жұмысын талдау. 7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 8. Тәлімгерлердің жұмысы бойынша есеп. 9. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

1.13. Конкурстар

№ р/с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Тілім менің тірегім» атты мәнерлеп оқу сайысы	қыркүйек	Ортаңғы, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
2	Мәнерлеп оқу сайысы «Тәуелсіз елім – Қазақстан»	қазан	Ортаңғы, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
3	Ұлттық ойындар жарысы «Ханталапай шақырады»	қараша	ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
4	«Үздік педагог-2026» кәсіби байқауы	қаңтар	Бөбекжай педагогтары қатысуымен
5	«Наурыз шуағы» балалар сурет байқауы	наурыз	Әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері
6	Үздік топ – 2026» сайысының қорытындысын шығару.	мамыр	Әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері
7	«Жылдың үздік тәрбиешісі» марапаттау рәсімі	мамыр	Әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері

2.14. Көрмелер

Көрме атауы	Өткізілу мерзімі	Жауаптылар
«Күзгі бояулар симфониясы» – сурет және табиғи материалдар көрмесі	қыркүйек	Барлық топтар
«Дала үні» – ұлттық музыкалық аспаптар мен қолданбалы өнер туындылары (табиғи материалдармен)	қазан	Барлық топтар
«Қысқы ертегі әлемі» – мұздан жасалған мүсіндер көрмесі	қаңтар	Барлық топтар
«Наурыз нақыштары» – сурет және табиғи материалдар көрмесі	наурыз	Барлық топтар
«Күн нұры – өмір шуағы» – сурет көрмесі	мамыр	Барлық топтар

2.15. Экскурсиялар

№	Экскурсия атауы	Өткізілу мерзімі	Жауаптылар
1	«Болашақ білім ордасымен танысу» (мектепке саяхат)	қыркүйек	меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
2	«Денсаулық мекені» (спорттық стадионға сапар)	желтоқсан	меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
3	«Батыр баба ізімен» («Қажымұқан ата» ескерткішіне бару)	қаңтар	меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
4	«Жасыл желек аясында» (ауыл аллеясына/паркке серуен)	наурыз	меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
5	«Ертегі әлеміне саяхат» (куыршақ театры)	сәуір	меңгеруші, әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері

6	«Мектепке қадам» (мектепке қайта бару)	мамыр	меңгеруші, әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері
---	---	-------	---

Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

Салауатты өмірсалты-баланың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтаудың маңызды факторларының бірі, ол өмір сүру сапасын анықтайды, ал мектепке дейінгі жас-адамның жеке басы қалыптасатын маңызды кезең

Сауықтыру іс – шаралары

Іс шара түрлері	Топтар	Кезендері
Далада танғы қабылдау; ауа арқылы шынықтыру; күн арқылы шынықтыру.	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Бет, қол, мойынды жуу; қолды шынтаққа дейін ысқылау және кептіру; аяққа суды себелеп құю	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Тыныс алу ойын-жаттығулары; аутотренинг; кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру; массаж; нүкте массажы; физιοемдеу: тубус-кварц, соллюкс. Мұрын мен тамақтың ингаляциясын жасау	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті
Маусымдық алдын алу: полидәрумендер, шөп шайы, оксолин мазы.	ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық	күнделікті

2.16. Спорттық іс-шаралар жоспары.

Мақсаты: Балалардың денсаулықтарын сақтау мен нығайту, дененің барлық мүшелерін дамыту үшін жағдайын жасау, салауатты өмір салтына қызығушылық тәрбиелеу.

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Уақыты	Жауапты
1	«Шаңырақ шаттығы» – отбасылық спорттық сайыс	Ойын-сауық	Қыркүйек (барлық топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
2	«Елімнің ертеңі» – ұлттық ойындар эстафетасы	Эстафеталық жарыс	Қазан (ересек топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
3	«Достық керуені» – көңілді эстафета	Мерекелік іс-шара	Қазан (ересек топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
4	«Қыстың қызықты сәттері» – спорттық мереке	Денсаулық күні	Желтоқсан (ортаңғы топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
5	«Бірлік пен денсаулық» – отбасылық эстафета	Ойын-сауық	Қаңтар (барлық топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
6	«Аққала еліне саяхат» – қысқы ойындар	Ойын-сауық	Ақпан (мектепалды топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
7	«Ұлттық ойын – ұрпақ қазынасы» – спорттық мереке	Спорттық мереке	Наурыз (барлық топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
8	«Жеңіске бірге!» – көңілді старт	Ойын-сауық	Сәуір (ересек топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы
9	«Жасыл бақша чемпиондары» – көктемгі эстафета	Денсаулық күні	Мамыр (ортаңғы топтар)	Дене шынықтыру нұсқаушысы

2.17 Музыка жетекшісінің жоспары

Мақсаты: Музыкалық және эстетикалық білім беруде балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту,

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Уақыты	Жауапты
1	«Домбыра үні – жүрек сыры» (балаларға домбыра үйрету)	Қосымша сабақ	Жыл бойы	Музыка жетекшісі
2	«Әуенмен сергіту» (қимылды-музыкалық жаттығулар)	Ойын-сауық	Қыркүйек (кіші топтар)	Музыка жетекшісі
3	«Ертегі еліне музыкалық саяхат»	Квест ойыны	Қараша (ортаңғы топтар)	Музыка жетекшісі
4	«Аю мен достары» музыкалық қойылым	ҮІӨ	Қаңтар (ересек топтар)	Музыка жетекшісі
5	«Күй керуені» (жас домбырашылар ансамблі)	Ұлттық аспаптар оркестрі	Ақпан (мектепалды топтар)	Музыка жетекшісі

2.18.Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

Мақсаты:

1. Білімді рухани-өнегелі және дене саулығы жетілген баланың жеке тұлғасын қалыптасыру.
2. Балалардың күнделікті өмірін қызықты істермен, мерекелермен толықтыру.
- 3.Әр баланы мазмұнды әрекетке қамту, баланың қызығушылығы мен өмірлік белсенділігіне себепкер болу.

Ай	Қызмет түрі	Тақырыбы	Жауаптылар
Қыркүйек	Мереке	«Балабақшам – мейірім мекенім»	Музыка жетекшісі, даярлық топ, ересек топ тәрбиешілері
	Мәнерлеп оқу	«Туған тілім – қазынам»	Ортаңғы, ересек, мектепалды топтары
Қазан	Мәнерлеп оқу	«Отан – ортақ шаңырақ»	Барлық топ тәрбиешілері
	Мерекелік ертеңгілік	«Елімнің айбыны – менің мақтанышым» (25-қазан Республика күні)	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар
Қараша	Жолда жүру ережесі	«Жүріс-тұрыс мәдениеті – қауіпсіздік кепілі»	Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Желтоқсан	Тәрбие сағаты	«Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры»	Музыка жетекшісі, барлық топтар
	Дайындық	«Қысқы ғажайыпқа дайындық»	Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, би жетекшісі, тәрбиешілер
	Жаңа жылдық ертеңгілік	«Қар патшалығының сыйы»	Музыка жетекшісі, барлық топ

			тәрбиешілері, ата-аналар
Қаңтар	Музыкалық мереке	«Ақ ұлпа аясында» көңілді би алаңы	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері
Ақпан	Дайындық	«Аруларға арнау» (8 Наурыз мерекесіне дайындық)	Тәрбиешілер
Наурыз	Мерекелік ертеңгілік	«Ана – өмірдің шуағы»	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар
	Дайындық	«Наурыз – береке бастауы» мерекесіне дайындық	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері
	Мерекелік ертеңгілік	«Наурыз шаттығы»	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар
Сәуір	Дайындық	«Достық пен бірлік мерекесіне дайындық» (1 мамыр)	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері
	Мерекелік іс-шара	«Достық мекені – Қазақстан»	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері
Мамыр	Дайындық	«Жігіт сұлтаны» байқауына дайындық	Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, би жетекшісі, тәрбиешілер
	Ұландар сайысы	«Ерлік пен батылдық жолында»	Музыка жетекшісі, би жетекшісі, ересек және мектепалды топ тәрбиеленушілері
	Дайындық	«Балабақшамен қоштасу» мерекесіне дайындық	Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, би жетекшісі, тәрбиешілер
	Ертеңгілік	«Сау бол, балабақша!» мектепалды топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен	Мектепалды топтары, музыка жетекшісі, би жетекшісі, ата-аналар

2.19 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары

№ р/с	Тақырыптар	Ересек және мектепалды топ балалары үшін	Уақыты
1	Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы	-Ақша белгілерімен таныстыру (монеталар, купюралар, олардың мөлшері, түсі, сандық мәні, бейнелері); -ақша не үшін қажет екенін түсіндіру, айырбастау құралы; -ойындар мен тапсырмаларда ойыншық ақшаны пайдалану;	Қыркүйек

	Әңгімелесу	-ақшаға не сатып алуға болатынын және не сатып алуға болмайтынын талқылау (достық, денсаулық және т.б.) арқылы қалыптастыру қажет. Әңгіменің тақырыптары: - Ақша не үшін қажет? - Ақшаны кім табады? - Неліктен еңбек ету маңызды? - Ақша жинау сандықшасы деген не? - Неге әрқашан қалағанымызды сатып ала алмаймыз?	
2	Табыс көзі ретінде еңбек және мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру	- ата-аналардың және басқа ересектердің еңбектерімен таныстыру (тәрбиеші, дәрігер, сатушы, құрылысшы және т. б.); - мамандықтар туралы иллюстрациялар қарастыру және әңгімелесу; - Ойындар: «Анам/әкем кім болып жұмыс істейді», «Кім не істейді?», «Менің болашақ мамандығым»; - адамның қалай жұмыс істейтіні және ол үшін ақша алатындығы туралы шағын әңгіме құрастыру.	Қазан
3	Дүкендермен, банктермен, ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру	- дүкен, дәріхана ойындарын ойнау: сатып алу, өнімді таңдау, тапсыру, сатып алушы-сатушы; - дүкендер, дәріханалар, кассалар, тауарлардың бағалары көрсетілген сөрелер мен банкоматтардың макеттерін пайдалану; - дүкенге, дәріханаға баруды көрсету, өнім мен бағаны талқылау; - «банк» және «банкомат» ұғымдарын енгізу, банкте кім жұмыс істейді, карта деген не?, ақшаны қалай алуға болады?; - жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру, (жеке ақша жинайтын сандықшалар, бір зат үшін жинақтау туралы топтық жоба түрінде) арқылы меңгеруге көмектеседі.	Қараша
4	Жоспарлау және үнемдеу туралы түсініктерді дамыту	- «қалау» мен «қажет» арасында таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруға; - шығындарды қарапайым түрде жоспарлауды меңгеруге; - ресурстарды қалдыру және сақтай білу деген үнемдеу ұғымдарын енгізуге; - таңдау жағдайларын ұйымдастыруға: белгілі бір сомаға не сатып алу қажет, қайсысы маңызды; - «арманның орындалуына жинаймыз» ойынына (ойыншыққа, кітапқа, сыйлыққа) көңіл бөлінеді.	Желтоқсан
5	Көркем әдебиетпен жұмыс (ертегілер, әңгімелер)	-еңбекқорлық пен жомарттық, үнемділікпен байланысты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға; - кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау: кім еңбек етеді, кім жалқау, кім көмектеседі, кім үнемдейді немесе ақшаны ойланбастан жұмсайды және т.б.; - моральдық әңгімелерді және олардың қаржылық жағдайлармен байланысын талқылауға ықпал етеді. Ұсынылатын шығармалар: «Құмырсқаның қанағаты» - қолда барға қанағат ету, үнемдеу туралы; «Тиін мен кірпі» - дос болу, бөлісу, сараң болмау туралы; «Кішкентай бағбан» - еңбекқорлық пен жауапкершілік туралы; «Құлын, қозы, лақ» - ортақ шешімге келу, бірігіп әрекет ету туралы.	Қаңтар

6	Ойын жағдаяттары	- «Біз дүкендеміз»: шартты ақшаны пайдаланып тауарларды сатып алу және сату; - «Армандаған затқа ақша жинаймыз»: балаға қалаған затын алу үшін шартты соманы жинақтау ұсынылады; - «Досыма сыйлық»: бала белгілі бір бюджеттен шығындарды жоспарлайды; - «Себетті толтырайық»: берілген сомаға азық-түліктерді таңдау.	Ақпан
7	Сюжетті-рөлдік ойындар	«Теңге алу»; - «Айырмашылығын табу»; - «Банкомат»; - «Ақша жұмсауды үйренеміз»; - «Әмиян»; - «Сұлулық салоны»; - «Дәріхана»; - «Сауда орталығы»; - «Отбасы дүкенге барады»; - «Банк және клиенттер»; - «Ойыншықтар дүкені»; - «Пошта — коммуналдық қызметтерге ақы төлеу»; - «Мамандықтар: кім қалай ақша табады».	Наурыз
8	Мультфильмдер мен бейнематериалдар қарау	- «Балаларға арналған қаржылық сауаттылық әліппесі» (қысқа бейнероликтер топтамасы); - Мультфильмдер топтамасы «Алдар Көсе мен Бай». Қаржылық сауаттылық әліппесі» (айырбастау, сатып алу туралы), «Әке мен бала» (еңбек ету арқылы келген заттарды бағалау), «Бір уыс мақта».	Сәуір
9	Шығармашылық тапсырмалар	- Өзі ақша жинайтын сандықшаның суретін салу; - Жапсыру: «100 теңгеге не сатып алуға болады»; - «Ақша купюраларын» құрастыру; - Сурет салу: «Менің болашақ мамандығым»; - Коллаж: «Мен не қалаймын және оны сатып алу үшін қалай ақша жинаймын».	Мамыр
10	Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар	Отбасымен жұмыс жүргізу нысандарының үлгілері: - «Менің отбасым және ақша» жобасы; - «Отбасы бюджеті» үй тапсырмасы; - Ата-аналармен бірге жасаған ақша жинайтын сандықшалардың көрмесі; - Викторина «Қаржы әліппесі»; - Экономикалық тақырыптағы ертегілерді бірге оқу және талқылау.	Мамыр

2.20 «Кәсіптік бағдар беру» жоспары

Мерзімі	Тақырыптық бағыт	Мақсаты	Әрекеттер	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	«Әуежайдағы мамандықтар»	Балаларды ұшқыш, стюардесса, диспетчер сияқты әуе көлігі саласындағы мамандықтармен таныстыру. Әуе көлігінің ерекшелігін түсіндіру, көліктерді салыстыруға үйрету. Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгерту	Рөлдік ойын: «Ұшақта» (балалар ұшқыш, жолаушы, стюардесса болып ойнайды). Суретпен жұмыс: ұшақ, әуежай, билет суреттерін қарап, атау. Қимылды ойын: «Ұшақ ұшты» (балалар қанат қағып,	Балалар әуе көлігі мен әуежай мамандықтарының атауларын біледі (ұшқыш, стюардесса, диспетчер). Қарапайым сұрақтарға жауап береді («Кім ұшақты жүргізеді?») – «Ұшқыш»).

		арқылы сөздік қорын байыту. Балаларды әуе мамандарының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	ұшақ қимылдарын салады). Әңгіме: «Ұшқыш не істейді?», «Стюардесса кімге көмектеседі?» Шығармашылық жұмыс: қағаздан ұшақ жасау (аппликация немесе бүктеу). Дидактикалық ойын: «Әуе көлігін тап!» (автобус, пойыз, ұшақ суреттерінен ұшақты табу). Ән айту: «Ұшақ» тақырыбындағы қысқа өлең-тақпақ жаттау.	Әуе көлігін басқа көлік түрлерінен ажыратады. «Ұшақ ұшты» қимылды ойыны арқылы қимыл белсенділігі артады. Шығармашылық жұмысқа қызығушылық танытады. Қазақ тілінде қысқа сөйлемдер құрай алады («Ұшақ ұшты», «Ұшқыш ұшады»).
Қазан	«Телестудия – қызықты хабарлар әлемі»»	Балаларды телестудия жұмысы және тележурналист, тележүргізуші мамандығының еңбегімен таныстыру. Қоғамдық мәдениетке, сыпайы сөйлеуге, көпшілік алдында өзін ұстауға баулу. Қазақ тілінде «тележүргізуші», «телекамера», «журналист», «хабар» сөздерін қолдануды үйрету. Балаларды тапқырлыққа, сөзге шешендікке баулу.	Рөлдік ойын: «Біздің студияда» (Балалар тележүргізуші, оператор, қонақ рөлін ойнайды: бірі сұрақ қояды, бірі жауап береді, бірі камера ұстағандай болады). Шығармашылық жұмыс: Телестудия құралдарын суреттеу немесе жапсыру (камера, микрофон, экран, үстел). Дидактикалық ойын: «Бұл не үшін керек?» (Камера – түсіруге, микрофон – сөйлеуге, студия шамы – жарық беруге). Әңгімелесу: «Тележүргізуші не істейді?», «Хабар қалай дайындалады?» Сөздік қорды дамыту:	Балалар «тележүргізуші», «телекамера», «журналист» сөздерін біледі және қолданады. Телестудия еңбегін құрметтейді, «тележүргізуші хабар жүргізеді» деген түсінікті меңгереді. Қарапайым диалог жүргізе алады («Сіз кімсіз?» – «Мен тележүргізушімін»). Сөздік қоры байып, көпшілік алдында сөйлеу дағдысы қалыптасады. Шығармашылық жұмыс арқылы студия құралдарын бейнелейді. Балаларда ақпаратқа қызығушылық, мәдени қарым-қатынас дағдылары дамиды.

			«Тележүргізуші хабар жүргізеді», «Камера түсіреді», «Хабар қызықты» сияқты сөйлемдер құрау. Қимылды ойын: «Тікелей эфир басталды» (Балалар жүргізушінің қимылын қайталайды: қолмен амандасады, микрофон ұстайды, сұрақ қояды). Өлең жаттау: «Теледидар – тереземіз әлемге» (шағын тақпақ). Сурет көрме ұйымдастыру: «Мен тележүргізушімін».	
Қараша	«Тур агент – қызықты саяхаттар иесі»	Балаларды тур агент мамандығымен таныстыру. Елдер мен қалалар туралы сөздік қорын байыту. Саяхат мәдениетіне баулу, табиғатты, мәдени ескерткіштерді қорғауға үйрету. Тур агент еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Рөлдік ойын: «Туристтік агенттікте» (Балалар тур агент, турист, гид рөлінде ойнайды). Әңгіме: «Тур агент не істейді?» «Саяхат қайда ұйымдастырылады?» Қимылды ойын: «Жол сөмкесін жина» (Балалар ойыншықтар арасынан сапарға қажет заттарды таңдап, қимылмен көрсетеді). Дидактикалық ойын: «Қай елді көргіміз келеді?» (Балалар суреттер арқылы әр елдің табиғаты мен мәдениетін ажыратады).	Балалар тур агенттің еңбегін түсінеді, оның саяхат ұйымдастыратынын біледі. Қазақ тілінде елдер мен саяхат атауларын айтады (тау, көл, қала, автобус, ұшақ). «Тур агент саяхат ұйымдастырады», «Саяхат қызықты» сияқты сөйлемдер құрайды. Пайдалы саяхат түрлерін атай алады (табиғатқа бару, музей көру, тарихи орындармен танысу). Шығармашылық жұмысқа қызығушылық танытады. Тур агент еңбегіне құрметпен қарайды.

			Шығармашылық жұмыс: «Менің арман саяхатым» – сурет салу немесе жапсыру (тау, теңіз, қала, табиғат көріністері). Серуеннен кейінгі бақылау: Тур агенттік кеңсесіне (немесе макет, бейне) барып, маманның еңбегімен танысу. Өлең жаттау: «Саяхат – білім көзі» тақпағы.	
Желтоқсан	«Банк – ақшаны сақтаушы мекеме»	Балаларды банк қызметкерінің еңбегімен таныстыру. Ақша, теңге, монета, карта сияқты қаржы құралдарының атауларын үйрету. Ақшаға ұқыпты қарауға, еңбектің құндылығын түсінуге баулу. Банк қызметкерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Құрастыру: «Банк ғимаратын саламыз» (текшелерден немесе конструктордан). Рөлдік ойын: «Банкте» (Балалар кассир, клиент, менеджер ролінде ойнайды: біреуі ақша салады, біреуі ақша алады, біреуі карточка рәсімдейді). Сөздік қорды дамыту: «ақша, теңге, карта, кассир» сөздерін қолдану. Дидактикалық ойын: «Бұл не үшін керек?» (Карта – ақша сақтауға, касса – төлем жасауға, монета – сатып алуға). Шығармашылық жұмыс: «Менің арман банк картамы» сурет салу немесе жапсыру. Қимылды ойын: «Ақшаны жеткіз» (Балалар ойыншық ақшаны бір жерден	Балалар банк қызметкерінің еңбегін сипаттай алады. Қаржы құралдарының атауларын біледі («ақша, теңге, карта, кассир»). Қарапайым сөйлемдер құрайды («Кассир ақша береді», «Карта ақшаны сақтайды»). Қаржылық ойындарға белсенді қатысады. Ортақ жұмыстың нәтижесіне қуанады, еңбектің құндылығын түсінеді. Банк қызметіне қызығушылық танытады.

			екінші жерге тасиды, банкте сақтайды). Әңгімелесу: «Банк қызметкері не істейді?» «Ақшаны қайда сақтаймыз?» Ертегі тыңдату: «Ақша мен еңбектің достығы» (еңбектің арқасында ақша табылатынын түсіндіру үшін).	
